

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамының мемлекеттік емес заем тартуы жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 қыркүйек N 1475

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қоғам") Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес заемның есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының газ-көлік және электр энергетикасы салаларындағы "Трактебель С.А." компаниясының активтерін сатып алу жобасы басымдықты инвестициялық жоба ретінде мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

кредиторларға "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z990473_ Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитінің шегінде 100 000 000 (жүз миллион) АҚШ доллары мөлшеріндегі негізгі борышты, сондай-ақ кепілгердің төлеуіне жататын пайыздарды және өзге де төлемдерді қамтитын сомаға тартылатын заем бойынша Қоғамның міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін б е р с і н ;

Қоғаммен көрсетілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беруге байланысты оның Қазақстан Республикасының алдында туындайтын міндеттемелерін қамтамасыз ету туралы тиісті келісім жасассын.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.10. N 1694 қаулысымен. P 0 0 1 6 9 4 _

3. Қоғам заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптарды орындауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 маусымдағы N 953 P000953_ қаулысына :

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоғамның заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғам сатып алатын Қазақстан Республикасының газ-көлік және электр энергетикасы салаларындағы "Трактебель С.А." компаниясының 100 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі активтерін төлеуді

қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес заемды тарту туралы ұсынысы".
2)

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 2) тармақшасы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963 қаулысымен.

Р 0 0 1 9 6 3 _

5. "ҚазТрансГаз" ЖАҚ-ның мемлекеттік емес сыртқы заем тартуының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 тамыздағы N 1236

Р 0 0 1 2 3 6 _

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.